

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІК НӘТИЖЕЛІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРИНЦИПІ

Сарыбекова Қ.Н.

Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы, Тараз мемлекеттік педагогикалық
университеті, п.ғ.к., доцент

Бодыбай Н.К.

Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы, Тараз мемлекеттік
педагогикалық университеті, «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен
әдістемесі» мамандығының студенті

Аннотация: В статье были рассмотрены принципы обеспечения деятельности организации самостоятельной работы студентов.

Abstract: the article examined the principles of ensuring the organization of students' independent work.

Студенттердің өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастыру түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланумен қатар, оқыту принциптеріне негізделуіне байланысты. Студенттердің өзіндік оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру мынадай принциптерге негізделеді деп есептейміз:

1. Жоспарлау принципі-студенттердің оқу-танымдық жұмыстарын ұйымдастыруда аудиториялық және одан тыс уақыттағы жұмыстарын тиімді ұштастыруға олардың өз уақыттарын ұтымды пайдалана білуге негізделеді. Оның қажетті шарттары болып мыналар табылады:

- сабақ кестесінің тиімді болуы;
- өзіндік жұмыс көлемінің анықталуы және олардың негізділігі;
- өзіндік жұмыс формаларының оқу жоспарымен сабақтастығы;
- өзіндік жұмыстардың көкейкесті мәселені қамтуын, студенттердің қажетті біліктерін дамытуға т.б. бағыттылығын ескеру;
- өзіндік жұмыстар көлемін, берілетін уақытты, нәтижесін бағалау, т.б. жоспарлау.

2. Студенттің белсенділік нәтижесін қамтамасыз ету-өзіндік оқу іс-әрекетінде студенттердің білімі мен біліктерін ұтымды, әрі белсенді пайдалана алуы нәтижесінде шығармашылық сипатта еңбек етуіне негізделеді. Мынадай шарттар ескерілуі қажет:

- уақытты тиімді пайдалануы;
- танымдық қызығушылығының болуы;
- танымдық біліктерінің жеткілікті деңгейі [1, 10 б.].

3. Өзектілік принципі-мәселені, тапсырманы шешуде және өзіндік оқу іс-әрекетінде өзекті проблемаларды таңдау, проблемалық ситуацияларды дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы нәтижеге жетуге негізделеді.

Шарттары:

- ғылымның көкейкесті мәселелерін шешуге ұмтылу;

-танымдық ізденімпаздығы мен шығармашылық ой өрісін жетілдіруге ұмтылысы;

-дәстүрлі емес тәсілдерді пайдалана білу;

-жаңашылдыққа құмарлық;

-нәтижеге жетуге ынтазарлығы, мақсаткерлігі.

4. Өзіндік жұмыстардың болашақ мамандықпен сабақтастық принципі-студенттердің болашақтағы кәсіби қызметімен байланысы және кәсіби маңызды біліктерінің жетілдіруге бағытталуына негізделеді. Мынандай шарттар ескерілуі тиіс:

-өзіндік оқу іс-әрекетінің мазмұны кәсіби қызметімен тығыз байланыста болуы;

-кәсіби біліктерін дамытуға бағытталуы;

-теориялық білімі мен біліктерін нақты жағдайда пайдалана алуы, т.б.

5.Өзіндік оқу іс-әрекетінің бірізділігі, жүйелілік принципі-студенттердің оқу іс-әрекеттерінің жүйелі жүргізілуі және біртіндеп күрделендіре отырып, ғылыми нәтижеге жетуге бағыттауға негізделеді.

6.Бақылау, бағалау принципі-оқытушының, студенттердің бір-бірін, өзіндік бағалауы, жұмысқа дұрыс баға беруге бағытталады.

Өзіндік оқу іс-әрекеті қызметтерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

-өзіндік тапсырмаларды орындау кезінде студенттің кәсіптік-ақпараттық ой-өрісін, сенімін және кәсіптік маңызды біліктерінің қалыптасуын жүзеге асыру;

-студенттердің өз бетімен тапсырмалар жүйесін орындау барысында өзіндік оқу әрекеттеріне сай тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып білімдерін бекіту;

-өз бетімен кәсіби маңызды және жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған өзіндік оқу іс-әрекетін дамыту;

-озат тәжірибе мен алдыңғы қатарлы ғылыми идеяларды практикада шығармашылықпен пайдалануға баулу.

Сонымен, студенттің оқу қызметінің өздігінен ұйымдастырудағы негізгі принцип бұл-белсенділікті қамтамасыз ету ол- оқуын бақылау және білімді игергендігін бағалау арқылы әрбір студенттің оқуын тиімді ұйымдастыру, және осылардың негізінде білім мен біліктерін жаңа жағдайда қолдана білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету барысында жүзеге асады.

Бұл принципті жүзеге асырудағы студенттің міндеті төмендегідей:

1)білімді, дағдыны, іскерлікті игеру, дүниетанымды нығайту және білімді өмірде қолдана алу;

2)оқу тапсырмаларын шешуге, ізденуге күш салу, оқуда жетістіктерге жетуге өзін-өзі ынталандыру;

3)мәдени құндылықтар мен адамзат тәжірибесінің, қоршаған орта құбылыстары мен процестердің әлеуметтік мәнділігін және маңыздылығын ұғыну;

4) нақты оқу пәндерінің мазмұнын ғылыми негізде меңгеру, теориялық білімін тереңдету, қоршаған дүние туралы таным, ақпарат жинау және практикада қайта жаңғыртып, өңдеп өмірде қолдану.

Оқудың нәтижесі білімнен, дағдыдан, іскерліктен, қатынастар жүйесінен және студенттің жалпы дамуынан танылады [2, 45 б].

Студенттің өзіндік оқу іс-әрекетінің белсенді принципі мыналарды қамтиды:

- 1) білім жүйелерін игеріп алу және өмірде қолдана отырып, оларға сүйену;
- 2) оқу жүйелерін меңгеру арқылы дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру;
- 3) оқу мотивтерін (оқуға деген түрткі, дәлел, себептерді) дамыту, оның қажеттілік мәнін, мәнісін түсіну;

- 4) өзінің қызметін (іс-әрекетін) және психикалық процестерін (ес, қабылдау, ойлау, сөйлеу, еркін, эмоциясын, т.б.) басқару қабілетін дамыту.

Студент үшін оқудың тиімділігі ішкі және сыртқы критерийлерімен (белгілерімен) анықталады. Ішкі белгілер ретінде студенттің оқудағы жетістіктерін және академиялық үлгерімін, сонымен бірге білімділігін, дағдысын, іскерлік сапасын, даму деңгейін, машықтану мен зерделілігін алуға болады. Академиялық үлгерім баллдық бағадан көрінеді. Оқудағы жетістік аз күш (аз шығын) жұмсап, жоғары нәтижеген жету.

Жоғары оқу орны студенттерінің өзіндік оқу іс-әрекеті әрі күрделі, әрі жан-жақты, ол оның танымдық іс-әрекетінің барлық жағдайын қамтиды: жүйелі түрде лекция курсы тыңдау және лекция материалын жетілдіруден бастап, дипломдық жұмысты дайындап оны қорғауға дейін, керекті әдебиеттерді іздеу және табудан бастап, өзбетімен оқылатын сұрақтарды түсіне білу, проблемаларды қоя білу және оларды шығармашылық түрде шеше білуге дейін. Басқаша айтқанда, бұл студенттердің әр түрлі жағдайда аудиторияда, кітапханада, оқу және есептеуіш залдарда, зертханаларда, кабинеттерде, архивтерде, мұражайларда, экспедицияларда, т.б. орындайтын жеке жұмыстары [3, 48 б.]. Шын мәнінде, студенттердің танымдық күш-жігерінің өзбетінше дәрежесі, оның оқу сатысымен ілгерілеу мөлшеріне байланысты өсіп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Т. Кенжебеков. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед.ғыл. д-ры... дис.:13.00.08.-Қарағанды, 2005,-267 б.

3. Д.Б.Эльконин. Природа детства и его периодизация // Избр.психол. труды.-М., 2009.-300 с.

4. В.В.Давыдов. Проблемы развивающего обучения.-М.,2008.-500 с.

5. П.Я.Гальперин. Развитие исследований по формированию умственных действий.-М.,2006.-600 с.

6. Н.Ф.Талызина. Педагогическая психология.-М.,2008.-300 с.